

«Астана Медицина Университеті» АҚ

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

**Тақырыбы: “Жоғары ми функциясының
зақымдалуы: сөйлеудің, гнозистің және
праксистің бұзылуы.»**

Орындаған: *Ербатырова Ж.Е.*

Топ: 653 ЖМ

Тексерген: Балтаева Ж.Ш.

Астана 2018 жыл

ЖОСПАР:

1. Кіріспе.

2. Негізгі бөлім.

а. Жоғары ми функциясының зақымдалуы.

в. Сөйлеудің бұзылысы.

3. Гнозистің, праксистің бұзылысы.

4. Пайдаланған әдебиеттер тізімі



Кіріспе

Көптеген жылдар бойы бас миы қыртысындағы функцияның орналасуы жөнінде 2 теория болды.

1 теория – тар локализм теориясы– жеке зоналарға, мидың нүктелеріне дейін ең күрделі жеке қызметтер тән.


2 теория – эквипотенциал теориясы – бүкіл қыртыс бетінің біртұтастығы, яғни бүкіл қыртыс барлық функцияларға жауапты.






**Үлкен ми
жарты шарлары
қыртысында
ҒЫ
қызметтердің
орналасуы**


И.П.Павлов еңбегіне сүйенсек, нерв жүйесінің қызметі анализатор жұмысымен байланысты, ол қабылдайтын бөлімнен (афферентті), қыртысты және эффекторлы бөлімнен тұрады. Қыртысты бөлім «ядромен» және» шашылған элементтерден» тұрады. «Ядро» зақымдалған кезде, оның маңайында жақын жатқан жасушалар өзіне негізгі орталықтың жұмысын алады, яғни орталық нерв жүйесінің жұмысы әрдайым компенсацияланып о деген сөз.





Анализатордың қыртысты бөлімінде вертикалды 2 топты жасушалар зонасы анықталады. Қыртыстың 6 қабат жасушаларының төменгі қабаттары периферикалық рецепторлармен (4 қабат-ішкі дәнекті) және бұлшық еттермен (5 қабат үлкен пирамида клеткалары) байланысады. Олар біріншілік немесе проекциялы қыртысты зона деп аталады, себебі әрдайым анализатордың перифериялық бөлігімен байланыста болады.

Үлкен шартышарлар қыртысының құрылымы



Бас миы жартышаралары қыртысының жоғары қабаттары:

2 – ұсақ дәнекті жасушалар

3 – қабат кіші пирамида жасушалары

Оларда қыртыстың басқа бөліктерімен ассоциативті байланыстар орнағандықтан оларды екіншілік зоналар деп немесе проекционды-ассоциативті зоналар деп атайды.

Біріншілік зоналардың тітіркенуі, мысалы, сенсорлы, тітіркену кезінде элементарлы сезімдер пайда болады. Мысалы, шүйде қыртысының біріншілік зонасын тітіркендірген кезде фотопсия пайда болады, ал екіншілік зонасын тітіркендірген кезде– күрделі көру галлюцинациялары – адамдар, жануарлар, заттар пайда болады.

Сөйлеудің бұзылуы

Клиникалық
практикада
сөйлеудің
бұзылуының келесі
түрлері белгілі: :


- афазия
- дизартрия
- алалия
- мутизм
- Жалпы сөйлеудің дамымауы




□ **Афазия** – дамыған сөйлеудің орталықтан бұзылуы. Яғни адамның өзінің ойларын жеткізу үшін және қоршаған ортамен қарым-қатынас орнату үшін жартылай немесе толығымен сөйлеудің бұзылуы, бұл кезде артикуляция мен есту функциялары бұзылмаған.


Афазия түрлері – моторлы, сенсорлы, амнестикалық

Моторлы афазия – өздігімен сөйлей алмайды. Науқас өзінің есінде қалған жеке сөздермен буындарды қайталайды (сөйлеу эмбол). Жеке сөздерді қысқа сөйлемдерді, нұсқауларды және жазылған сөздерді түсінеді. Моторлы афазия сол жақ маңдай иірімінің артқы төменгі бөліктерінің (Брок зонасы) зақымдалу кезінде дамиды. Науқас өзінің қателіктерін түсінеді.



□ **Сенсорлы афазия** – науқас өзінің және басқалардың да сөйлегенін түсінбейді. Науқас сөйлеуді шу ретінде немесе өзіне түсініксіз тілде сөйлеп тұрғандай сезінеді. Науқас көп және тез сөйлейді (логорея), бірақ сөйлеуі басқаларға түсініксіз. Сөйлем мағынасыз, қажетсіз, түсініксіз дыбыстардан (сөздік окрошка) тұратын сөйлеудің бұзылуы. Сенсорлы афазия сол жақ самай бөлігінің (жоғарғы самай иірімінің ортаңғы және артқы бөлігінде – Вернике зонасы) зақымдалуы кезінде дамиды






Амнестикалық афазия – төбе мен самай бөлігінің төменгі және артқы бөліктері зақымдалған кезде дамиды және науқастың заттардың атын ұмытуымен сипатталады. Науқас заттың не үшін қажет екенін біле тұра, қандай зат екенін айта алмайды. Мысалы, қаламды көрсетсек, ол оны «жазу үшін қажет» деп айтады. Егерде, сыбырласа ол дәл тауып айтады.

Мутизм – сөйлеу аппаратының жұмысы бұзылмаған кездегі науқастың сөйлемейуі. Көбіне реактивті неврозда, истерияда, психикалық ауруларда (шизофрения) кездеседі.

Алалия – үш жасқа дейінгі қыртысты сөйлеу зоналарының зақымдалуы кезіндегі жүйелі түрде сөйлеудің дамымауы. Алалия афазия сияқты моторлы және сенсорлы деп бөлінеді.


Дизартрия - артикуляцияның бұзылуы, ол орталық (екі жақты зақымдалуы кезінде) болуы мүмкін және перифериялық (сөйлеуге қатысатын бұлшықеттер параличі кезінде) немесе мишық зақымдалғанда, стриопаллидарлы жүйе зақымдалған кезде кездеседі. Дизартрия кезінде науқас сөздері дұрыс құралған, сөз қоры қалыпты, бірақ кейбір сөздерді айтқан кезде артикуляция үшін қиын әріптерді айта алмайды. Мысалы, «р», «л», әріптер



Гнозис және оның бұзылыстары

Гнозис (греч. gnosis — білу, білім) — бұл заттарды сезім мүшелері арқылы қабылдап, тану. Оның бұзылысы— агнозия деп аталады. Көбінесе, екіншілік зоналар деңгейіндегі қандайда бір анализатордың зақымдалуы кезінде пайда болады.


Көру **агнозиясы** шүйде бөлігінің сыртқы аймақтары зақымдалған кезде пайда болады. Науқас заттарды танымайды, тек олардың кейбір қасиеттерін ғана көреді, соған байланысты сол зат туралы мағлұмат жинайды. Жиі науқастар «білмеймін», «көрмеймін» деп жауап береді, бірақ заттарға соғылмай айналып өтеді.



Есту **агнозиясы** заттарды көрмеу, оларға тән дыбыстар арқылы заттарды ажырата алмау. Бұл кезде есте анализаторы зақымдалмаған. Есту агнозиясы доминатты жарты шардағы самай бөлігіндегі екіншілік зоналар зақымдалған кезде дамиды.

Сенситивті агнозия (астереогноз) – көзді жауып тұрып заттарды ұстау арқылы ажырата білу. Орталық артқы иірімнен кейнгі төбе бөлігіндегі екінші зона зақымдалған кезде пайда болады.

Иіс және дәм сезу **агнозиясы сирек кездеседі жәнеде көбіне** аносмиямен агевзиядан айыру өте қиын.



Есту агнозиясы заттарды көрмеу, оларға тән дыбыстар арқылы заттарды ажырата алмау. Бұл кезде есте анализаторы зақымдалмаған. Есту агнозиясы доминатты жарты шардағы самай бөлігіндегі екіншілік зоналар зақымдалған кезде дамиды.

Сенситивті агнозия (астереогноз) – көзді жауып тұрып заттарды ұстау арқылы ажырата білу. Орталық артқы иірімнен кейінгі төбе бөлігіндегі екінші зона зақымдалған кезде пайда болады.

Иіс және дәм сезу агнозиясы сирек кездеседі және де көбіне аносмиямен агевзиядан айыру өте қиын.

Праксис және оның бұзылыстары

Праксис (греч. praxis — қимыл) – жоспар бойынша рет-ретімен мақсатты қимыл қозғалыс.

Идеаторлы апраксия жоспар жоқтығынан күрделі қимыл қозғалыстарды жасай алмау, бұл кезде қимылдардың реттілігі бұзылады (Мысалы, науқасқа темекіні тұтатып көрсетуді сұраған кезде, ол темекімен сіріңке қорабын тұтатады, сондан кейін сіріңкені алып аузына салады). Доминантты жарты шардағы (оңанақайларда сол жақ) төбе бөлігіндегі қыр үсті иірім (gyrus supramarginalis) зақымдалған кезде дамиды және әрдайым екіжақты болады.

Конструктивті апраксия кезінде қимылдың бағыты бұзылады, науқастар бөліктерден бір бүтін нәрсе шығара алмайды. Мысалы: сіріңкелерден геометриялық фигураларды құрастыру (ромб, квадрат, үшбұрыш). Бұл кезде зақымдалу доминантты жарты шардың төбе бөлігінің бұрышты иірімінде (gyrus angularis) орналасады. Апраксиялық бұзылыстар әрдайым екіжақты.

Моторлы апраксия бұл кезде қимылдың тек қана аяқасты еріксіз қозғалысы ғана емес, сонымен қоса бұйрықты орындаумен қайталауы бұзылады. Көбінесе біржақты (мысалы, сүйелді дене зақымдалған кезде тек қана сол жақ қолда).

Бас миы жеке бөліктерінің зақымдалу симптомдары

Маңдай бөлік симптомдары

- **Контралатеральды қол немесе аяқтың орталық параличі немесе тіл бұлшықетінің (орталық алды иірім зақымдалған кезде)**
- **Қарсы жаққа қараудың парезі (орталық маңдай иірімнің артқы бөлігі)**
- **Паркинсонизм, сирек гиперкинездер**
- **Янишевский-Бехтеревтің ұстап алу феномені**
- **Маринеску-Родовичи рефлексі Хоботковий рефлексі**
- **Маңдай атаксиясы (астазия-абазия)**
- **Моторлы афазия (Брок зонасы)**
- **«Жекеленген» аграфия (ортаңғы 2-ші маңдай иірімінің артқы бөлігі)**
- **Апатико-абулиялық синдром, маңдай юморы (мория) эйфория**



Маңдай бөлігі – тітіркену синдромдары

- **Джексонның тартылу ұстамалары** – тонико-клоникалық (алдыңғы орталық иірім)
- **Оперкулярлы ұстама** – (төменгі маңдай иірімнің жабатын бөлігі)
- **Адверсивті ұстамалар** – (ортаңғы маңдай иірімінің артқы бөлігі)
- **Маңдай автоматизм ұстамасы** – күрделі пароксизмді психикалық бұзылыстар, тәртібінің бұзылуы, бұл кезде науқастар қоршаған ортаға қайшы келетін қимыл қозғалыстар жасайды (өртеу, өлім).
- **Кіші эпилепсиялық ұстамалар** – лезде, бірнеше секунд ішінде науқас сөзі тоқтап, қолынан заттары құлап, көрініс беретін ұстама.



Төбе бөлік симптомдары

- **Анестезия**
- **Астереогноз**
- **Апраксия (доминантты жартышарда) – идеаторлы немесе конструктивті**
- **Аутотопагнозия – науқас өзінің дене бөліктерін танымау немесе бұрмалап қабылдау, сол мен оңды айыра алмау**
- **Төменгіквadratты гемианопсия – төбе бөлігінің тереңінде**
- **Псевдополиметрия**
- **Анозогнозия**



Төбе бөлік – тітіркену симптомдары

- **Соматосенсорлы джексон ұстамасы**






Самай бөлік симптомдары

- Есту агнозиясы
- Жүйелі бас айналу ұстамасы
- Контралатеральды астазия-абазия



Жоғарыквadratты гемианопсия – самай бөлік тереңінде

- Сенсорлы афазия
- Амнестикалық афазия



Самай бөлік – тітіркену симптомдары


- **Галлюцинациялар және үлкен генерализденген ұстамалар әр түрлі аурамен бірге:**
- **Иіс сезу (Гешле иірімі)**
 - Дәм сезу (аралша бөлігі)
 - есту (жоғарғы самай иірімі)
 - вестибулярлы (самай, шүйде және төбе бөліктерінің түйіскен жері)
 - висцеральды (медиобазальды бөлім)
- **Түс көрген тәрізді жағдай– ешқашан көрмеген, ешқашан естімеген**
- **Самай автоматизмі – ориентировканың бұзылуы – өз үйін танымайды, мақсатсыз қимылдар жасайды**
- **Кейде кіші ұстамалар қимыл қозғалыс бұзылуынсыз болуы мүмкін.**

Шүйде бөлік симптомдары

- Жоғарыквadratты гомонимді контрлатеральды гемианопсия (тіл иірімі, ішкі бөлігі)
- Төменгіквadratты гомонимді контролатеральды гемианопсия (клин)
- Көру агнозия (сыртқы бөлімі)
- Алексия (жазуды түсінбеу) шүйде және төбе бөлік шекарасында
- Акалькулия (санаудың бұзылу)
- Контралатеральды атаксия
- Метаморфоксия (көрген заттарды бұрмалап қабылдау– микропсия, макропсия)

Шүйде бөлік тітіркену синдромы

- **Фотомдар – шүйде бөліктің ішкі беткейінің тітіркенуі**
- **Кинофильмдер, мультиктер, кадрлар – шүйде бөліктің сыртқы беткейінің тітіркенуі кезінде**



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://kazmedic.kz/archives/4082>
2. 1. Гусев Е.И., Никифоров А.С., Коновалов А. Н. Нервные болезни, нейрохирургия. М., 2001.
3. Можаяев, С. В. Нейрохирургия [Текст] : учебник / С. В. Можаяев, А. А. Скоромец, Т. А. Скоромец. - 2-е изд.,
4. Епифанов, В. А. Реабилитация в неврологии В. А. Епифанов, А. В. Епифанов. - Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2014. - 416 с. : ил. - (Б-ка врача-специалиста. Неврология. Реабилитация. Восстановительная медицина)